

Бакалавриатқа түсу үшін құжаттар тізімі

- 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) орта немесе жоғары білімнен кейін жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) 3 x 4 сантиметр өлшемдегі 4 фотосурет;
- 5) 075/ж нысанындағы медициналық анықтама.
- 6) ҰБТ сертификаты;
- 7) тізілімнен үзінді (арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты қажет ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» және «Денсаулық сақтау» білім беру бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін);
- 8) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық анықтама.
- 9) Тұтқыр, конверт

Көрсетілетін қызметті алушылар – I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.